**"Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 1164 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 9 қыркүйектегі № 485 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 қыркүйекте № 24311 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2022 жылғы 15 маусымдағы № 342 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 15.06.2022 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 1164 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12652 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**
**Индустрия және инфрақұрылымдық**
**даму министрі** *Б. Атамкулов*

*"КЕЛІСІЛДІ"*
*Қазақстан Республикасының*
*Ауыл шаруашылығы министрлігі*

*"КЕЛІСІЛДІ"*
*Қазақстан Республикасының*
*Қаржы министрлігі*

*"КЕЛІСІЛДІ"*
*Қазақстан Республикасының*
*Сауда және интеграция министрлігі*

*"КЕЛІСІЛДІ"*
*Қазақстан Республикасының*
*Ұлттық экономика министрлігі*

*"КЕЛІСІЛДІ"*
*Қазақстан Республикасының*
*Цифрлық даму, инновациялар және*
*аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі*

*"КЕЛІСІЛДІ"*
*Қазақстан Республикасының*
*Энергетика министрлігі*

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министірінің
2021 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 485 Бұйрыққа
қосымша
Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрлігінің
"___" _____ 2020 жылғы
№ _____
бұйрығымен бекітілген

**Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 268 бабы 3 тармағының екінші бөлігіне сәйкес әзірленді және индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін ішкі нарықта ілгерілету бойынша өтеу (бұдан әрі-мемлекеттік қолдау шарасы) тәртібін айқындайды.

2. Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тікелей немесе жанама тиесілі индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері (әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияны, әскери және аэроғарыш мақсатындағы тауарларды (өнімдерді), қос мақсаттағы ( қолданылатын) тауарларды (өнімдерді) отандық өндірушілерді, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт шеңберінде құрылған кәсіпкерлерді қоспағанда) мемлекеттік қолдау шараларын пайдалана алмайды;

3. Осы қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) қарсы міндеттемелер - мемлекеттік қолдау шараларын алатын индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері қабылдайтын міндеттемелер;

2) өтініш беруші – осы қағидалар шеңберінде шығындарды өтеуге өтініш берген индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі;

3) ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырушылық-ретке келтірілген жиынтығы;

4) зертханалық сынақтар-зерттелетін сынамаларға (үлгілерге) қатысты зертханаларда (орталықтарда) жүзеге асырылатын сынақтар, өлшемдер, талдаулар, тесттер, сараптамалар жүргізуді қамтитын операциялар кешені;

5) таңбалау - тауарға шартты белгілерді, әріптерді, сандарды, графикалық белгілерді немесе жазбаларды оны одан әрі сәйкестендіру, белгіленген талаптарды және олар туралы дұрыс мәліметтерді қадағалай отырып, оның қасиеттері мен сипаттамаларын көрсету мақсатында (оның ішінде оларға түсірілген сәйкестендіру құралдары және (немесе) сәйкестендіру құралдары бар материалдық тасығыштар туралы мәліметтер) тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде болады;

6) материалдық тасығыш - қолдан жасаудан қорғау элементтерін (құралдарын ) қамтитын немесе қамтымайтын және сәйкестендіру құралдарын салуға, сақтауға және беруге арналған кез келген материалдардан жасалған бақылау ( сәйкестендіру) белгісі немесе объект;

7) оператор - Жергілікті қамтуды дамыту саласындағы ұлттық даму институты;

8) өнім үлгісі - сынау, бақылау немесе бағалау кезінде осы өнімнің өкілі ретінде пайдаланылатын нақты өнім бірлігі;

9) тәжірибелік үлгі - өндіріске қою және/немесе мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы шешім қабылдау мақсатында оның берілген техникалық талаптарға сәйкестігін сынау арқылы тексеру үшін жаңадан әзірленген жұмыс құжаттамасы бойынша дайындалған өнім үлгісі;

10) көлік құралының түрін мақұлдау - айналымға шығарылатын, бір түрге жатқызылған көлік құралдарының Еуразиялық экономикалық комиссияның 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентін қабылдау туралы" шешімімен бекітілген "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" 018/2011 Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат;

11) шасси түрін мақұлдау - айналымға шығарылатын, бір түрге жатқызылған шассидің Еуразиялық экономикалық комиссияның 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентін қабылдау туралы" шешімімен бекітілген "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" 018/2011 Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат;

12) сәйкестікті растау - нәтижесі объектінің техникалық регламенттерде, стандарттарда немесе шарттардың талаптарында белгіленген талаптарға сәйкестігін құжаттамалық куәландыру (сәйкестік туралы декларация, сәйкестік сертификаты, көлік құралының түрін мақұлдау, шасси түрін мақұлдау түрінде) болып табылатын рәсім;

13) сәйкестендіру құралы - штрих код түрінде ұсынылған немесе радиожиілік белгісіне жазылған немесе автоматты сәйкестендірудің өзге құралын ( технологиясын) пайдалана отырып ұсынылған машинамен оқылатын нысандағы символдардың бірегей бірізділігі;

14) сертификаттық сынақтар - өнім сипаттамаларының ұлттық қасиеттеріне және (немесе) халықаралық нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізілетін бақылау сынақтары;

15) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері – экономиканың артықшылықты секторларында индустриялық-инновациялық жобаларды іске

асыратын немесе отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі және (немесе) сыртқы нарықтарға ілгерілету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және (немесе) затар меннды тұлғалар;

16) индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган ( бұдан әрі – уәкілетті орган) – индустриялық даму саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді және индустриялық қызметті мемлекеттік қолдауды іске асыруға қатысатын орталық атқарушы орган.

4. Уәкілетті орган тиісті қаржы жылына арналған төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджеттік бағдарламаның әкімшісі бекітетін, төлемдер кестесіне сәйкес осы Қағидалардың шеңберінде индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу үшін мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуға көзделген қаражатты оператордың ағымдағы шотына аударады.

5. Оператор индустриялық – инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу түрінде мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуға бөлінген қаражатты басқару үшін бюджеттік бағдарлама әкімшісі мен оператор арасында жасалатын шарт негізінде Қазақстан Республикасының резиденті-екінші деңгейлі банкте ағымдағы шот ашады.

Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

6. Қаржы жылының соңына есептелетін ағымдағы шоттағы қаражат қалдықтары уәкілетті органға және тиісінше мемлекеттік бюджетке қайтарылуға жатпайды, ал индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету жөніндегі шығындарын өтеуге келесі қаржы жылында жұмсалады.

7. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу шығындардың мынадай түрлері бойынша жүргізіледі:

1) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында жол берілетін стандарттарда белгіленген талаптарға отандық өңделген тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және сапа менеджменті жүйелерінің сәйкестігін растау кезінде көтерген шығындар, оның ішінде:

отандық өңделген тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін растауға байланысты бағалау жүргізуге;

сынақ нәтижелерін сараптауды қоса алғанда, шығарылатын өнімге сертификаттық және зертханалық сынақтар жүргізуге;

инспекциялық аудит және бақылау жүргізуге;

сертификаттарды тіркеуге;

сертификаттарды қайта ресімдеуге және ұзартуға;

2) аяқ киім өнімін таңбалауға үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді қоса алғанда, сәйкестендіру құралдарын түсіруге арналған жабдықты сатып алуға байланысты жеңіл өнеркәсіп субъектілерінің шығындары:

сәйкестендіру құралдарын сатып алуға (алуға);

өнімді шығару сатысында сәйкестендіру құралдарын түсіру бойынша баспаханалық қызметтерді сатып алуға (алуға);

сәйкестендіру құралдарын немесе инженерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді қоса алғанда, материалдық тасығыштарды түсіруге арналған жабдықты сатып алу арқылы өндірісті қайта жарақтандыруға.

8. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектісіне өтеуге ұсынылатын соманың 50%-ы, бірақ индустриялық-инновациялық қызметтің бір субъектісіне мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде негізделген және құжаттамалық расталған шығындары өтеледі.

Көрсетілген түрлер бойынша шығындардың бір бөлігін өтеудің шекті мөлшері:

1) осы қағидалардың 7 тармағы 1) тармақшасына сәйкес көтерілген шығындар бойынша индустриялық-инновациялық қызметтің бір субъектісіне өтінім беру күніне дейін соңғы 24 (жиырма төрт) ай ішінде 3000 (мың айлық есептік көрсеткіштен) (бұдан әрі - АЕК) аспайды;

2) осы қағидалардың 7 тармағының 2) тармақшасына сәйкес өтінім берілген күнге дейін соңғы 24 (жиырма төрт) ай ішінде индустриялық-инновациялық қызметтің бір субъектісіне 10 000 (он мың) АЕК-тен аспайтын шығындар бойынша.

9. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің өтінімдері қарауға жіберіледі:

1) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілер болып табылады;

2) өтінім берілген күні салықтар, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ (төлеу мерзімі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда);

3) индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі әділет органдарында тіркелген және/немесе хабарланған күннен бастап операторға өтінім келіп түскен күнге дейін кемінде күнтізбелік 1 (бір) жыл өтсе;

4) осы қағидалардың 2 тармағында көрсетілген индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне жатпайды.

5) осы қағидалардың 7-тармағының 1) тармақшасы шеңберінде осы қағидаларға 1 қосымшаға сәйкес ішкі нарықта мемлекеттік қолдау көрсету үшін экономиканың басым секторларының тізбесіне сәйкес экономиканың басым секторларындағы қызметті жүзеге асырады.

10. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалған салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер өтініш берушілерге өтеуге жатпайды.

11. Шығындарды өтеу ұлттық валютада жүргізіледі. Шетел валюталарында келтірілген шығындарды қайта есептеу өтініш беруші орындаушыға көрсетілген қызметтер (орындалған жұмыстар) үшін төлем жасаған күні қолданыста болған Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің валюта бағамдары бойынша жүзеге асырылады.

12. Отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне шығындарды өтеуді оператор осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес шығындарды өтеу туралы келісім жасалған күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде береді (бұдан әрі - Шығындарды өтеу туралы келісім) шығындарды өтеу шарттары мен мөлшеріне сәйкес өтініш берушінің банктік шоттарына не Қазақстан Республикасы Ұлттық почта операторында ашылған өтініш берушінің шоттарына шығындардың бір бөлігін өтеу сомасын аудару арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте операторға өтініш берушіге ақша қаражатын аударғаны үшін сыйақы көзделмеген.

13. Операторға өтініш беруші қол қойған шығындарды өтеу туралы келісім келіп түскен күн шығындарды өтеу туралы келісім жасалған күн болып есептеледі.

14. Өтініш беруші шығындарды өтеу туралы келісімге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, өтініш беруші оператордың атына себептерін көрсете отырып, тиісті жазбаша хабарлама жібереді.

15. Ағымдағы шотта мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну үшін қажетті ақша қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, Оператор ағымдағы шотқа қаражат түскенге дейін өтініш берушіге ақша қаражатын аударуды тоқтата тұрады.

16. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының осы Қағидаларда көзделген бір бөлігін өтеу жөніндегі шаралардың тиімділігін айқындау мақсатында Оператор индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі

шығындардың бір бөлігін өтеуді алғаннан кейін 2 (екі) жыл ішінде шығындарды өтеу туралы Келісімге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тоқсан сайынғы негізде өтініш берушілер ұсынған ақпарат негізінде олардың іске асырылуына мониторинг жүргізеді.

17. Өтініш беруші өзіне қарсы міндеттемелерді қабылдайды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес КТС төлеуден босатылған кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, КТС төлеу басталған кезеңге пайыздық қатынаста салық аударымдарын кемінде 3%-ға (КТС бойынша) ұлғайту;

2) кәсіпорынның өнімді өткізуден және жұмыстар мен қызметтер көрсетуден түсетін кірісін кемінде 3%-ға ұлғайту.

18. Мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру шеңберінде алынған ақшалай қаражат қайтарылған жағдайда, қайтарылатын қаражат сомасы қарсы міндеттемелерді орындаудың қол жеткізілген деңгейін ескере отырып, берілген мемлекеттік қаржыландыру көлеміне мөлшерлес болады.

19. Мониторинг қорытындылары бойынша Оператор тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей уәкілетті органға осы қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оператордың мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру туралы есебін ұсынады.

## 2-тарау. "Отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

20. "Отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта жылжыту бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет) "QazIndustry", қазақстандық индустрия және экспорт орталығы АҚ (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

21. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) жазылған.

22. Мемлекеттік қызметті көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жүгінуі арқылы немесе "

электрондық үкімет" веб-порталы арқылы көрсетеді. www.egov.kz және көрсетілетін қызметті берушінің веб-порталы www.qazindustry.gov.kz (бұдан әрі-портал) арқылы жүзеге асырылады.

23. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

24. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы алу үшін кеңсе қызметкеріне мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген өтінім мен құжаттарды ұсынады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді және ұсынылған құжаттардың толық емес және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттар фактісі анықталған жағдайда өтінімді тіркеуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері өтінімді және мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттарды олар келіп түскен күні (сағат 17.30-дан кейін келіп түскен жағдайда, өтінім келесі жұмыс күні тіркеледі) тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушы тағайындалатын басшысына жолдайды.

Қағаз тасығыштағы өтінімнің қабылданғанын растау оның көшірмесінде құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі қолма-қол немесе пошта арқылы жүзеге асырады.

25. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді және мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттарды береді.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін мәліметтерді қабылдау туралы мәртебе көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып көрсетіледі.

26. Көрсетілетін қызметті беруші тарапынан қол қойылған шығындарды өтеу туралы келісімді қоса бере отырып, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шығындарды өтеу мүмкіндігі туралы хабарлама (бұдан

әрі-шығындарды өтеу мүмкіндігі туралы хабарлама) не осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту (бұдан әрі-бас тарту) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі болып табылады - мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" электрондық құжат нысанында жіберілетін және сақталатын дәлелді бас тарту.

27. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген өтінімдер мен құжаттарды қараудың және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін берудің жалпы мерзімі көрсетілетін қызметті беруші оларды тіркеген сәттен бастап 8 ( сегіз) жұмыс күнін құрайды.

28. Жауапты орындаушы 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және ұсынылған құжаттардың толық болмау немесе мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтердің болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға ұсынылған құжаттардың қандай талаптарға сәйкес келмейтінін және мемлекеттік қызметті көрсету тоқтатыла тұрған кезеңге сәйкес келтіру мерзімін көрсете отырып, хабарлама жібереді.

Хабарламада көрсетілген құжаттарды сәйкес келтіру мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Егер хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды талаптарға сәйкес келтірмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы портал арқылы дәлелді бас тартуды көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жібереді.

29. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

30. Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті беруші тарапынан қол қойылған екі данада шығындарды өтеу туралы келісімді қоса бере отырып, шығындарды өтеу мүмкіндігі туралы хабарлама не дәлелді бас тарту жібереді.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

31. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - шағымды қарайтын орган) жүргізеді.Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасаған лауазымды тұлғаға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешімді немесе әкімшілік әрекетті қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

32. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Индустриялық-инновациялық
қызмет субъектілерінің отандық
өңделген тауарлар, жұмыстар
мен қызметтерді ішкі нарықта
ілгерілету бойынша қызметіне
шығындардың бір бөлігін өтеу
қағидаларына
1-қосымша

## Ішкі нарықта мемлекеттік қолдау көрсету үшін экономиканың басым секторларының тізбесі

| Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішінің коды | Атауы |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Агроөнеркәсіптік кешен | |
| 10 | Азық-түлік өнімдерін өндіру |
| 11.07 | Минералды сулар және басқа да алкогольсіз сусындар өндіру |
| Жеңіл және ағаш өңдеу өнеркәсібі | |
| 13 | Тоқыма бұйымдарын өндіру |
| 14 | Киім өндірісі |
| 15 | Былғары және оған жататын өнімдер өндірісі |
| 16 | Жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіру; сабаннан және өруге арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіру |
| | |

| | |
|---|---|
| 17 | Қағаз және қағаз өнімдерін өндіру |
| 31 | Жиһаз өндіру |
| Химия және фармацевтика өнеркәсібі | |
| 19.20 | Мұнай өңдеу өнімдерін, шымтезек пен көмірден брикеттер өндіру |
| 20 | Химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру |
| 21 | Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен препараттар өндіру |
| 22 | Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру |
| Құрылыс материалдарын және өзге де металл емес минералдық өнімдерді өндіру | |
| 23 | Өзге металл емес минералдық өнімдер өндірісі |
| Металлургия, металл өңдеу, машина жасау | |
| 24 | Металлургия өнеркәсібі |
| 25 | Машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдарын өндіру |
| 26 | Компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндіру |
| 27 | Электр жабдықтарын өндіру |
| 28 | Басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндірісі |
| 29 | Автокөлік құралдарын, трейлерлер мен жартылай тіркемелер өндірісі |
| 30 | Өзге көлік құралдарын өндіру |
| Өнеркәсіптің басқа секторлары | |
| 32 | Өзге де дайын бұйымдар өндірісі |
| 38.21 | Қауіпсіз қалдықтарды өңдеу және жою |
| 38.22 | Қауіпті қалдықтарды өңдеу және жою |
| 38.32 | Сұрыпталған материалдарды кәдеге жарату |
| 82.92 | Буып-түю |

Индустриялық-инновациялық
қызмет субъектілерінің отандық
өңделген тауарлар, жұмыстар
мен қызметтерді ішкі нарықта
ілгерілету бойынша қызметіне
шығындардың бір бөлігін өтеу
қағидаларына
2-қосымша

## Шығындарды өтеу туралы келісім

_________ қаласы 20 ___жылғы "___" ___________

Бұдан әрі "Оператор" деп аталатын, ____________________ оператордың атауы______________ атынан, __________________________________________ негізінде әрекет ететін ____________________, бір тараптан, және ____________ ______________________________________________________________________

__________, (Өтініш берушінің толық атауы) бұдан әрі "Өтініш беруші" деп аталатын ___________________________________, (негізінде әрекет ететін басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)____________________, екінші тараптан, бірлесіп "Тараптар", ал әрқайсысы жеке-жеке "Тарап" деп аталатын индустриялық - инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеуге бағытталған мемлекеттік қолдау көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) негізінде төмендегі жайлы осы шығындарды өтеу туралы келісімді (бұдан әрі - Келісім) жасасты:

**1. Келісімнің мәні**

1. Оператор Қағидалар шеңберінде өтінімге сәйкес толық көлемде (немесе ішінара) ___________ (сомасы жазумен) теңге сомасына _____________________ ____________________________________ (шығындар түрі) шығынды өтеу түрінде мемлекеттік қолдау шарасын ұсынуға, ал Өтінім беруші келісімге 1 қосымшаға сәйкес мемлекеттік қолдау шараларының қарсы міндеттемелерін орындауға міндетті.

2. Өтініш беруші шығындарды өтеу шеңберінде шетел валютасындағы шығыстарды растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда, шығындарды өтеу сомасы өтініш берушімен көрсетілген қызметтер (орындалған жұмыстар) үшін орындаушыға ақы төлеген күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі валютасының бағамы негізге алына отырып есептеледі.

3. Ағымдағы шотта мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну үшін қажетті ақша қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, Оператор шығындарды өтеуді бюджеттік бағдарлама әкімшісінен қаражат түскенге дейін тоқтата тұрады.

**2. Тараптардың міндеттемелері**

4. Оператор міндеттенеді:

1) Келісімді орындауға елеулі әсер етуі мүмкін қағидаларды іске асыруға байланысты барлық өзгерістер туралы өтінім берушіні хабардар ету;

2) Осы Келісімге қол қойылған күннен кейін екі жыл ішінде мемлекеттік қолдау шараларының іске асырылуына мониторинг жүргізуге міндеттенеді.

5. Өтінім беруші міндеттенеді:

1) Операторға мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға одан әрі жіберу үшін алғашқы статистикалық деректерді Индустриялық даму саласындағы уәкілетті органға және операторға мемлекеттік қолдау шараларының іске асырылуына мониторинг жүргізу мақсатында осы келісімді

тараптар жасасқан күнге дейін 2 (екі) жыл және жасасқан күннен кейін 2 (екі) жыл ішіндегі деректерді қоса алғанда, таратуға келісім беруге міндетті. Операторға өтініш беруші қол қойған шығындарды өтеу туралы келісім келіп түскен күн шығындарды өтеу туралы келісім жасалған күн болып есептеледі. Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісім нысаны осы келісімге 2-қосымшада келтірілген;

2) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның алғашқы статистикалық деректері негізінде мемлекеттік қолдау шараларын алу және/немесе іске асыру мониторингін жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, оператордың жазбаша сұрау салуын алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде мониторинг жүргізу үшін қажетті деректерді ұсынуға міндетті;

3) Келісімге 1 қосымшаға сәйкес мемлекеттік қолдау шараларын алу шеңберінде қарсы міндеттемелерді орындау;

4) оператордың жазбаша сұрау салуына сәйкес оператордан оны алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде мемлекеттік қолдау шарасы бойынша қарсы міндеттемелер орындалмаған жағдайда мемлекеттік қолдау шарасының іске асырылу барысы туралы ақпарат беруге;

5) келісім шарттары бұзылған жағдайда, оператор шығындарды өтеу түрінде мемлекеттік қолдауға берген ақшалай қаражатты оператордан тиісті хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті, бұл ретте қайтарылатын қаражат сомасы келісімге 1 қосымшада көзделген қарсы міндеттемелерді орындаудың қол жеткізілген деңгейін ескере отырып, берілген мемлекеттік қаржыландыру көлеміне мөлшерлес болады.

6) мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру шеңберінде ұсынылған ақпараттың, бастапқы деректердің, есептердің, негіздемелердің толықтығын, уақтылығын және дұрыстығын қамтамасыз етуге міндетті.

7) қаржылық, әкімшілік немесе шарттық сипаттағы проблемалық мәселелер туындаған кезде және/немесе осы келісім бойынша іс-шараларды орындау кезінде проблемалық мәселелер/іс-шаралар туындаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде операторды жазбаша хабардар етуге;

8) көшпелі мониторинг жүргізу мақсатында оператор өкілдерінің (оператор хатының негізінде) өтініш берушінің аумағына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

9) келісімге байланысты барлық есептерді осы келісімнің қолданылу мерзімі өткен сәттен бастап кемінде 2 (екі) жыл сақтауға міндетті.

**3. Тараптардың құқықтары**

6. Оператор мынаған құқылы:

1) мемлекеттік қолдау шарасы бойынша қарсы міндеттемелер орындалмаған жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның алғашқы статистикалық деректері негізінде мониторинг алу және/немесе жүргізу мүмкін болмаған жағдайда мемлекеттік қолдау шарасының іске асырылуына мониторинг жүргізу үшін өтініш берушіден мемлекеттік қолдау шарасының іске асырылу барысы туралы ақпаратты сұратуға;

2) Осы келісімді біржақты тәртіппен бұзуға және осы келісімнің шарттары бұзылған жағдайда мемлекеттік қолдау түрінде берілген ақшалай қаражатты қайтаруды талап ету;

3) көшпелі мониторинг жүргізу мақсатында оператор өкілдерінің (оператор хатының негізінде) өтініш берушінің аумағына кедергісіз кіруін жүзеге асыруға міндетті.

7. Өтініш беруші осы келісімнің шарттарына сәйкес индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеуді алуға құқылы.

**4. Тараптардың жауапкершілігі**

8. Оператор қағидалар шеңберінде мемлекеттік қолдау көрсетуге арналған қолда бар ақша қаражаты шегінде мемлекеттік қолдау шараларын толық және уақтылы ұсынуға жауапты болады.

9. Өтініш беруші төмендегі үшін жауапкершілік көтереді:

1) мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру шеңберінде ұсынылған ақпараттың, бастапқы деректердің, есептердің, негіздемелердің толықтығы, уақтылылығы және дұрыстығы;

2) Келісімге 1 қосымшада көрсетілген мемлекеттік қолдау шаралары бойынша қарсы міндеттемелерді орындау;

3) Осы келісімнің шарттары бұзылған жағдайда шығындарды өтеу түрінде мемлекеттік қолдау шарасы бойынша берілген ақшалай қаражаттың уақтылы қайтарылуы.

**5. Құпиялылық**

